

Shet shugylasy



Shet aýdandyq qoǵamdyq-saıası gazetı

Gazet 1937 jyldan bastap shyǵady

beisenbi, 27 maýsym 2024 jyl №26 (11 119)

Аудан әкімдігінде

САЛЫҚ ТҮСІМІ МЕН ТАЗАЛЫҚ МӘСЕЛЕСІ КҮН ТӘРТІБІНЕН ТҮСПЕЙДІ

Дүйсенбі күні аудан әкімі М.Мұхтаровтың төрағалығымен кезекті кеңейтілген аппарат отырысы өтті.

Отырыстың күн тәртібінде ауданда шағын және орта кәсіпкерліктің дамуы және инвестициялық жобаларды тарту мақсатында атқарылып жатқан жұмыстар мен аудан бойынша ағымдағы жағдайлар, атап айтсақ, Бұрма, Батық, Ақой ауылдық округтерінде санитарлық тазалық бойынша атқарылып жатқан жұмыстар мен көлік салығын өндіру, әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының бағалары, сонымен қатар, БАҚ және әлеуметтік желілерде жүргізілген ақпараттық жұмыстар туралы мәселелер қаралып, тиісті сала басшыларының хабарламалары тыңдалды.

Күн тәртібіндегі мәселелерді қорытындылаған аудан әкімі кәсіпкерлік саласына қатысты бірқатар тапсырмалар бере отырып, сала бойынша

шешімін күтіп тұрған мәселелерге, әсіресе, өз ісін бастаймын деп грант алған азаматтардың бүгінгі күнде жұмыстарына бақылаудың жоқтығын, берілген қаржы кәсіпкердің мемлекетке салық төлеуі арқылы қайтып келетінін ескеру керек, олай болмаған жағдайда қаржы текке кетіп, талан-таражға түскенмен бірдей екенін айтты. Сондай-ақ, аудан әкімі инвестициялық жобаларға да қатысты бірқатар мәселелерді көтеріп, нақты тапсырмалар берді.

Отырыста көтерілген мәселенің тағы бірі - көлік салығын өндіруге қатысты болды. Айта кетейік, бұдан бұрынғы аппарат отырыстарында бұл мәселе бірнеше мәрте талқыланып және оның орындалысына қатысты алдағы отырыстардың бірінде қаралатындығы айтылған болатын.

Жалпы осы аралықта біршама жұмыстар атқа-

рылғанымен кейбір округтердегі жағдай әлі де өзгеріссіз. Аталған мәселе көлік иелерінің басқа жаққа көшіп кетуінен немесе иесінің қайда екендігі белгісіз болып отырғандығынан шешімін таппай отырғандығы айтылды.

Аудан әкімі заң талаптарына сәйкес салықтың толық төленуін қамтамасыз ету үшін қолға алған шараларды одан әрі жалғастыра беруді тапсырды.

Отырыста сонымен қатар, Бұрма, Батық, Ақой ауылдық округтерінің әкімдері санитарлық тазалық, абаттандыру бойынша атқарылып жатқан жұмыстары туралы хабарламалар жасады. Тазалық мәселесіне қатысты бірқатар кемшіліктерді атап көрсеткен аудан әкімі отырысты қорытындылап, нақты тапсырмалар берді.

Өз тілшімізден.

Жағымды жаңалық

АУЫЛ ТҮРҒЫНДАРЫ САПАЛЫ ДӘРІГЕРЛІК КӨМЕК КӨРСЕТІЛЕТІНІНЕ СЕНІМДІ

Мемлекеттің басты байлығы - адам. Ал, оның денсаулығы әрдайым басты назарда тұруға тиіс. Шалғайда жатқан ауыл еңбеккерлеріне медициналық көмек үнемі өз дәрежесінде жүргізіле бермейді. Оған басты себептің бірі қазіргі заманға сай емдеу мекемесінің жоқтығы.

Осыдан екі жыл бұрын Жарылғап батыр ауылы тұрғындарының өтініші бойынша Шет ауданының әкімі М.Мұхтаровқа осы мәселе жөнінде арнайы сұрау салған болатынбыз. Аудан әкімі ұсынысымызды құптаған, бірақ

былтыр салынуы тиіс құрылыс құжаттары дайын болмай кешеуілдеп қалды. Бүгін ауыл жақтан сүйінші хабар келіп жетті. Дәрігерлік амбулаторияның іргетасын қазу жұмысы басталып, құрылыс материалдары жеткізілді.

Халықтың денсаулығын жақсарту мен азаматтардың өмір сүру ұзақтығын арттыру бағытында денсаулық сақтау саласына бөлініп жатқан қаржының жыл сайын көбейіп жатқаны мәлім. Сол игіліктің жақсылығы ауыл халқына жетіп жатқаны үлкен қуаныш. Бұрын Ақшатау кеніші жұмыс істеп

тұрған кезде ешқандай уайым болмайтын. Сан салалы ауруханасы мен білікті дәрігерлері бар өндіріс орны тыңғылықты медициналық қызмет көрсететін. Оның да келмеске кеткеніне отыз жылға таяу уақыт болды. Енді ауылда жаңа үлгідегі дәрігерлік амбулатория болмақ. Ауыл халқы сапалы дәрігерлік көмек көрсетілетініне сенімді. Аудан әкіміне де жылы ілтипаттарын білдіріп жатыр.

ауыл тұрғындары атынан
Аңғар СМАҒҰЛ,
Қарағанды қаласы.

Жемқорлықсыз ел - гүлденген ел

ҚОҒАМ ДЕРТІМЕН КҮРЕСУ - БҮГІНГІ КҮННІҢ БАСТЫ МІНДЕТІ

Тәуелсіздігін жариялаған еліміз отыз жылдан астам уақыт ішінде еңсесін тіктеп, салиқалы саясатымен ел бірлігін сақтай отырып, ауыз толтырып айтарлықтай толағай табыстарға қол жеткізді. Алайда, өркениет көшіне бет бұрып, жыл өткен сайын экономикалық әлеуеті артып келе жатқан жас мемлекетіміздің жарқын болашағына дақ түсіріп отырған сыбайлас жемқорлық еліміздің бәсекеге қабілеттілігін тежеп, қоғамда болып жатқан жаңа мүмкіндіктердің жүзеге асырылуына кері әсерін тигізуде.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев сыбайлас жемқорлықпен белсенді күрес жалғаса беретіндігін айтты, қоғамдағы реформалардың шарты - сыбайлас жемқорлыққа қарсы жүйелі жұмыстар болып табылатындығын атап айтқан болатын.

Осыған орай, сыбайлас жемқорлықтың барлық көріністеріне жүйелі, дәйекті және ымырасыз күрестің басымдықтары, мақсаттары және міндеттері анықталды.

Осы міндеттерді іске асыру мақсатында әрбір мемлекеттік орган өз қызметінің бағыттарына сәйкес сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес бойынша нақты шараларды қамтып, жоспарлар әзірленді. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комиссия отырыстары жұмыс жоспарына сәйкес өткізілуде. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы түсіндіру мақсатында кент және ауыл әкімдері, бөлім басшылары, құқық қорғау

органдарының және бұқаралық ақпарат құралдарының қатысуымен іс-шаралар өткізіліп келеді.

Аудан азаматтарының сенімін нығайту мақсатында және қызметтің ашықтығын арттыру үшін мемлекеттік органдағы лауазымдық тұлғалардың әдеп Кодексінің нормаларын бұзу туралы және лауазымдық өкілеттіктерін теріс пайдалану фактілері бойынша халықтың уақытылы өтіну мүмкіндіктері жөнінде ауданның барлық мемлекеттік органдарында «сенім телефондары» үздіксіз жұмыс істейді және бұл туралы аудандық газет арқылы аудан тұрғындарына жеткізіледі.

Сыбайлас жемқорлық - әлеуметтік-экономикалық даму, нарықтық экономиканы құру инвестициялар тарту процесін баяулатын және демократиялық мемлекеттің саяси және қоғамдық институттарына кері әсер ететін, елдің даму болашағына айтарлықтай қауіп төндіретін құбылыс. Сондықтан да бабаларымыз «Адал іс - берекелі табыс» деген сөзді тектен-текке айтпаса керек. Елінің ертеңін, ұрпағының болашағын ойлаған жұрт мүмкіндігінше сыбайлас жемқорлық көріністеріне тосқауыл қойып, қолында билігі бар азаматтар осы жолда өзгелерге үлгі болуы тиіс.

Сондықтан да ел болып жең ұшынан жалғасқан сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға тиісті шаралар қолданып, қоғам дертімен бірге күресуге шақырамын.

Мұхит Сайлауұлы
МҰХТАРОВ,
Шет ауданының әкімі.

БАСПАСӨЗ БАРШАҒА!

“ШЕТ ШҰҒЫЛАСЫ” ЖӘНЕ “ШЕТ Өңірі”
ГАЗЕТТЕРІНЕ 2024 ЖЫЛДЫҢ ЕКІНШІ ЖАРТЫ-
ЖЫЛДЫҒЫНА ЖАЗЫЛУ БАСТАЛДЫ



АУДАНЫҚ “ШЕТ ШҰҒЫЛАСЫ” ГАЗЕТІНЕ 6 АЙҒА 1957.60 ТЕНҒЕ ИНДЕКСІ 65049

“ШЕТ Өңірі” ГАЗЕТІНЕ 6 АЙҒА 1957.60 ТЕНҒЕ ИНДЕКСІ 65060

АУДАНЫҚ АПТАЛЫҚ БАСЫЛЫМДАРҒА “КАЗПОЧТА” АҚ ЖЕРГІЛІКТІ ЖЕРЛЕРДЕГІ БАЙЛАНЫС БӨЛІМШЕЛЕРІНЕ БАРЫП ЖАЗЫЛУҒА БОЛАДЫ.